



БҰЙРЫҚ

№ _____
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
город Астана

№ 779/НҚ от 09.12.2024

**«Республикалық ғарыштық байланыс
орталығы» акционерлік қоғамының
Корпоративтік басқару кодексін бекіту
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, сондай-ақ «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 30-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті төрағасының 2019 жылғы 15 шілдедегі № 53/НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Б. Оралмағамбетов

Согласовано

09.12.2024 16:05 Шуленбаев Куандык Ислямович

09.12.2024 16:10 Нуртазин Аблай Каирбулатович

09.12.2024 16:32 Канапиянов Гани Галымович

Подписано

09.12.2024 17:54 Оралмағамбетов Баубек Жеткергенович

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒАРЫШТЫҚ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
Кіріс №	1989
Негізгі құжат	2 бетте
Қосымша	113 бетте
20 24 ж. « 12 »	12



Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан - Жанбекова К.С.



БҰЙРЫҚ

№ _____
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
город Астана

№ 779/НҚ от 09.12.2024

Об утверждении Кодекса корпоративного
управления акционерного общества
«Республиканский центр космической
связи»

В соответствии с подпунктом 1-1) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», а также подпунктом 2) пункта 30 Устава акционерного общества «Республиканский центр космической связи» (далее – Общество), **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Кодекс корпоративного управления акционерного общества «Республиканский центр космической связи».
2. Признать утратившим силу приказ Председателя Аэрокосмического комитета Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 15 июля 2019 года №53/НҚ.
3. Настоящий приказ является решением Единственного акционера Общества и вступает в силу со дня его подписания.

Председатель

Б. Оралмагамбетов

Согласовано

09.12.2024 16:05 Шуленбаев Куандык Ислямович
09.12.2024 16:10 Нуртазин Аблай Каирбулатович
09.12.2024 16:32 Канапиянов Гани Галымович

Подписано

09.12.2024 17:54 Оралмагамбетов Баубек Жеткергенович



Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан - Жәнібекова Қ.С.

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Аэроғарыш комитеті Төрағасының
2024 жылғы «___» _____
№___/ НҚ бұйрығымен
бекітілген

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы»
акционерлік қоғамының
Корпоративтік басқару кодексі**

Параграф 1. Жалпы ережелер

1. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамның осы Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы Заң) 182-бабының 3-тармағына сәйкес дайындалды және мемлекет бақылайтын акционерлік қоғам шеңберіндегі және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынастардағы корпоративтік басқару тәсілдерін айқындайды.

Осы Кодекс «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамдағы (бұдан әрі – Қоғам) корпоративтік басқаруды жетілдіруге, ашықтық пен басқару тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Осы Кодексте келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) акционер – акцияларды иеленуші болып табылатын тұлға;
- 2) Жалғыз акционер - Қоғамның жоғары органы. Жалғыз акционердің шешім қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарымен (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң), Қоғамның Жарғысымен айқындалады;
- 3) серіктестер – жеткізушілер мен мердігерлер, бірлескен жобалардағы серіктестер;
- 4) Басқарма – Қоғамның алқалы түрде әрекет ететін атқарушы органы;

5) Даму жоспары – Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын, қаржылық-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін және бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

6) Директорлар кеңесі – Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен оның мүшелерін сайлау арқылы құрылатын, Қоғам мен Басқарманың қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды жүзеге асыратын Қоғамдағы басқару органы;

7) институционалдық инвестор – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында қаражат тартатын заңды тұлға;

8) корпоративтік басқару – Қоғамның қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін және Жалғыз акционердің мүддесі үшін акционерлер, Директорлар кеңесі, Басқарма, Қоғамның басқа органдары мен мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды қамтитын процестердің жиынтығы. Корпоративтік басқару сонымен қатар Қоғамның құрылымын анықтайды, оның көмегімен оның мақсаттары белгіленеді, осы мақсаттарға жету жолдары, сонымен қатар қызмет нәтижелерін бақылау және бағалау;

9) корпоративтік оқиғалар – «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабында айқындалған, эмитенттің қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылар мен эмитент инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиғалар;

10) корпоративтік жанжал – Жалғыз акционер мен Қоғам органдары арасындағы; Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарманың, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшы мен комплаенс қызметкердің арасындағы келіспеушіліктер немесе даулар;

11) корпоративтік хатшы – Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғам қызметкері, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының дайындалуын және өткізілуін бақылайды, Жалғыз акционерге материалдарды және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына арналған материалдарды қалыптастыруды және таратуды қамтамасыз етеді және оларға қолжетімділікті бақылайды. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады;

12) қызметтің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚНК) (негізгі қызмет көрсеткіштері (индикаторлар)) – Қоғамның, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің қызметінің тиімділігінің деңгейін сипаттайтын, олардың қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер. ҚНК Қоғамның даму жоспарының бөлігі ретінде Қоғам үшін бекітілген немесе Қоғамның әрбір қызметкері үшін әр түрлі бекітілген және олардың жоспарлы және есепті кезеңдердегі қызметінің нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие болады;

14) лауазымды тұлға – Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшесі;

15) мүдделі тараптар – заңнамаға, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) орай немесе жанама түрде Қоғамға әсер ететін немесе Қоғамның жұмысы, олардың өнімдері немесе қызметтері және олармен байланысты әрекеттер ықпал етуі мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар тобы; мүдделі тұлғалардың негізгі өкілдері акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер, мемлекеттік органдар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, Қоғам қызмет ететін өңірлердің тұрғындары;

16) омбудсмен - Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның рөлі Қоғамның онымен байланысатын қызметкерлеріне кеңес беру және еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипаттағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаларын сақтауында көмек көрсету болып табылады. Іскерлік этика кодексінің қағидаттарын сақтау мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Омбудсменнің функциялары корпоративтік хатшыға жүктелуі мүмкін;

17) тұрақты даму – бұл Қоғам өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Тұрақты даму болашақ ұрпақты өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс;

18) тәуелсіз директор – осы Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және оның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде бірде-бір болмаған (Қоғамның тәуелсіз директор қызметін атқарған жағдайды қоспағанда), Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайтын; Қоғамның немесе ұйымның лауазымды тұлғаларымен – Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен бағыныштылығы бойынша байланысы жоқ және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныштылығы бойынша байланысы болмаған; мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын; Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде бірде-бір болмаған; Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспаған және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптарына сәйкес келетін Директорлар кеңесінің мүшесі;

19) мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (сферасын) басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (сферасын) басқаратын және Мемлекеттік мүлік туралы заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда республикалық меншікке қатысты құқықтарға ие орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомствосы;

20) сенімгерлік міндеттемелер - өзінің кәсіби қызметін басқа тұлғаның пайдасына жүзеге асыратын тұлғаның өзіне қабылдайтын міндеттемелер. Екі негізгі сенімгерлік міндеттемелер бар: адалдық және естілік. Адалдық міндеті мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда осы міндеттеменің субъектісі тек Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуі тиіс екендігінде көрінеді. Өз кезегінде, естілік міндеті әдетте мұндай жағдайда талап етілетін дағдыларды, білім мен ептілікті қолдануда көрінеді.

Қоғамға қатысты сенімгерлік міндеттемелермен байланысты субъектілерге Қоғамның басқару органдарының мүшелері, оның қызметкерлері, Жалғыз акционер, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалар жатады. Мысалы, Қоғамның басқару органдарының мүшелері, оның қызметкерлері, сондай-ақ Жалғыз акционер Қоғамның бизнес мүмкіндіктерін тек өз мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ. Керісінше, Қоғамға қатысты адалдық міндеті бұзылады.

Осы Кодексте пайдаланылатын өзге де терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында қолданылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келеді.

3. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар үш жылда бір реттен кем емес корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізеді, оның нәтижелері Қоғамның интернет-ресурсында жарияланады.

Қоғамның Ішкі аудит қызметі корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне талдау жасайды.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің үміттерін ескере отырып, корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін талдау кезеңділігін айқындайды.

Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау және талдау нәтижелері Қоғамның жылдық есебінде ашылады.

4. Қоғам қызметті жүзеге асыру кезінде төмендегіні қамтамасыз етеді:

1) заңдылық қағидатын және жауапкершіліктің тиісті деңгейін, өкілеттіктерді шектеу, есептілік пен тиімділікті сақтай отырып Қоғамды басқару;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі;

3) мүдделер қақтығысын болдырмау.

5. Қоғамның осы Кодексті орындауын бақылауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Корпоративтік хатшы мониторингті жүргізеді және Қоғамның Директорлар кеңесіне және атқарушы органына осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша кеңес береді, сондай-ақ оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы жыл сайын есеп жасайды.

Кейіннен бұл есеп Директорлар кеңесі комитеттерінің қарауына ұсынылады, Директорлар кеңесімен бекітіледі және Қоғамның жылдық есебіне енгізіледі.

6. Осы Кодекстің ережелерін сақтамау жағдайлары комитеттер мен Директорлар кеңесінің отырыстарында Қоғамдағы корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған шешімдерді қабылдау арқылы қаралады.

Параграф 2. Қоғамдағы корпоративтік басқару қағидаттары

7. Қоғам корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және капиталды тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөлуді қарастырады.

8. Қоғамды корпоративтік басқару әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилікке және құзыреттілікке негізделген. Корпоративтік басқару құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделген және Қоғамның табысты жұмыс істеуіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

9. Осы Кодекстің негізге алынатын қағидаттары мыналар болып табылады:

өкілеттіктерді бөлу қағидаты;

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;

Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қоғамды тиімді басқару қағидаты; тұрақты даму қағидаты;

тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;

корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;

Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудағы ашықтық пен объективтілік қағидаты.

Қоғамды басқарудың көрсетілген қағидаттарынан ауытқу осы Кодекстің 110-тармағына сәйкес тиісті түсініктемелер беруді талап етеді.

10. Қоғамның корпоративтік басқару құрылымының шеңберінде Қоғам органдары арасындағы міндеттерді бөлу айқындалады, корпоративтік басқарудың жүйелі және дәйекті процестері қамтамасыз етіледі.

11. Осы Кодексте белгіленген корпоративтік басқару қағидаттарын басшылыққа алу Қоғам қызметіне объективті талдау жүргізу және талдаушылардан, қаржылық кеңесшілерден және рейтингтік агенттіктерден ұсынымдар алудың тиімді тәсілін құруға ықпал етеді.

Параграф 3. Өкілеттіктерді бөлу қағидаты

12. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

13. Мемлекеттік орган Қоғамның акционері ретіндегі өкілеттіктерін және мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында мемлекеттік функцияларды

орындауға байланысты өкілеттіктерді саралайды. Мемлекеттік орган тиісті саланың және/немесе аймақтың дамуын ынталандыруды ескере отырып, Қоғамның ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) арттыру мақсатында Қоғам акционерінің функцияларын жүзеге асырады.

14. Қоғам өз қызметін өзінің негізгі (профильдік) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Жаңа қызмет түрлерін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі.

15. Қоғам активтердің оңтайлы құрылымын құрады, олардың құрылымы мен ұйымдық-құқықтық нысанын жеңілдетеді.

16. Мемлекеттік орган акционер ретінде Қоғамды басқаруға акционердің Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы ғана қатысады.

17. Акционердің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қоғамның Директорлар кеңесінің стратегиялық басқару және Басқарма қызметін бақылау функцияларын тәуелсіз және объективті орындауын қамтамасыз ету мақсатында оның қызметінде толық операциялық тәуелсіздікті қамтамасыз етеді.

Қоғамның Басқармасы мен Қоғам Басқармасының Төрағасы өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және әрекеттерді қабылдау кезінде толықтай бағынышсыз және тәуелсіз болады.

Қоғам тоқсан сайын Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерді Қоғамның жедел (ағымдағы) қызметіне мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген араласу жағдайлары туралы хабарлайды. Директорлар кеңесі қажет болған жағдайда Жалғыз акционерге мұндай жағдайлардың алдын алу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

18. Қоғамның негізгі мақсаттарының бірі Қазақстан Республикасының жекелеген салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Қоғам, Жалғыз акционер және мүдделі тұлғалар арасындағы, сондай-ақ нарыққа қатысушылармен мәмілелер мен қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде және нарықта адал бәсекелестікті қолдау мақсатында коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

19. Қоғам өзінің шаруашылық қызметін нарық жағдайында қаржыландырады. Атап айтқанда, қарызға және акционерлік қаржыландыруға қол жеткізуге қатысты төмендегі шарттармен:

1) Қоғамның негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының салаларын дамыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Қоғамның нарықтың барлық қатысушыларымен (соның ішінде қаржылық және қаржылық емес ұйымдармен) қатынастары тек коммерциялық негізде құрылады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің экономикалық қызметі шеңберінде Қоғам жеке

бәсекелестерге қарағанда артықшылықтарды қамтамасыз ететін жанама қаржылық қолдауды пайдаланбайды. Қоғамның шаруашылық қызметі ресурстарды (мысалы, энергия, су немесе жер) жеке бәсекелестерге ұсынатын бағалармен және шарттармен тиімді пайдаланбауға тиіс;

3) Қоғамның шаруашылық қызметіне қатысты жұмыс жағдайларын ескере отырып белгіленген пайда мөлшерлемелері бәсекелес жеке кәсіпорындар алған нәтижелерге сәйкес келеді;

4) Қоғам индустриялық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да салалардағы, Қоғам қызметінің бағыттары бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар және индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға қатыса алады.

Мемлекеттік саясаттың мақсаттарына байланысты шығыстар туралы ақпарат Қоғамның интернет-ресурсында ашылады.

20. Қоғамның ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алуға қатысуы кезінде қолданылатын рәсімдер бәсекелестікті қолдауға, кемсітушілікке жол бермеуге, ашықтықты қамтамасыз етуге негізделеді және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

21. Мемлекеттік орган мен Қоғам арасындағы қарым-қатынастар (өзара іс-қимыл) корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі және/немесе Басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының және Басқарма төрағасының рөлі мен функциялары Қоғамның құжаттарында шектелген және бекітілген.

Жалғыз акционердің қызметі шеңберіндегі өзара іс-қимылға байланысты емес мемлекеттік органдар мен Қоғамның өзара іс-қимылы, Қоғамның Директорлар кеңесіне мемлекеттік органдар өкілдерінің мүшелігі тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Қоғам Қоғамның Жалғыз акционері ретінде мемлекеттік органға және Қоғамның Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға, Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашады және барлық мүдделі тұлғалар үшін Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қоғамның ақпаратты, оның ішінде есептерді мемлекеттік органдарға ұсынуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

22. Корпоративтік басқару жүйесі мыналар арасындағы байланысты көздейді:

- 1) Жалғыз акционер;
- 2) Директорлар кеңесі;
- 3) Басқарма;
- 4) мүдделі тараптар;
- 5) Жарғыға сәйкес айқындалатын өзге де органдар.

Қоғам органдар (егер мұндай ережелер Қоғамның Жарғысында көзделмесе) және құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарды бекітеді. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару процестерінің жүйелі және дәйектілігін қамтамасыз етеді.

23. Қоғам жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасына Жалғыз акционердің алдағы қаржы жылына күтулерін жібереді.

24. Қоғам және олардың лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тиісінше Қоғамның ұзақ мерзімді құнының және тұрақты дамуының өсуін және қабылданған шешімдер мен әрекеттерді/әрекетсіздіктерді қамтамасыз етеді.

Қоғамның басқарма құрамына әйелдердің ұсынылатын саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

25. Қоғамның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі Даму жоспарында көрсетілген Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Барлық қабылданған шешімдер мен іс-шаралар Даму жоспарына сәйкес.

Қоғам мен Басқарма қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ҚНҚ жүйесі болып табылады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы (немесе жазбаша хабарлама арқылы) стратегиялық нұсқауларды және олардың жыл бойынша тиімділікке үміттерін білдіреді.

ҚНҚ қол жеткізу үшін Қоғамда «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға сәйкес Даму жоспары әзірленуде.

ҚНҚ жетістіктері жыл сайын бағаланады. Бұл бағалау Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде ескеріледі, сондай-ақ оларды қызметінен мерзімінен бұрын босату үшін негіздердің бірі болып табылады.

Қоғам қызметкерлері үшін ҚНҚ карталарын әзірлеу, бекіту және бағалау тәртібі Қоғамның ішкі нормативтік құжатымен реттеледі.

Параграф 4. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

26. Қоғам Жалғыз акционердің акционерлік қоғамдар туралы, мемлекеттік мүлік туралы заңдарда және Қоғамның Жарғысында көзделген құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Қоғамға инвестиция тартудың негізгі шарты болып табылады.

Қоғамдағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге және Қоғамның

тиімді қызметіне, оның ішінде Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне, оның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға негізделген.

Параграф 5. Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету

27. Қоғам Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

акцияларды иелену, пайдалану және билік ету құқығы;

Мемлекеттік мүлік туралы заңда, Акционерлік қоғамдар туралы заңның 36-бабында және/немесе Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу және Директорлар кеңесін сайлау құқығы;

Қоғам пайдасының үлесін (дивидендтер) алу құқығы;

Қоғам таратылған жағдайда оның активтеріндегі үлесті алу құқығы;

Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Жалғыз акционермен немесе Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу құқығы;

Қоғамның қызметіне қатысты жазбаша сауалдармен Қоғамға жүгінуге және Қоғамның жарғысында белгіленген мерзімде дәлелді және жан-жақты жауаптар алуға;

Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмені алу құқығы;

Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен даулау құқығы;

Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, осы Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және/немесе олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және/немесе мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығы;

Жалғыз акционердің осы Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқығы.

28. Қоғамда барлық акциялар Жалғыз акционерге тиесілі, осыған байланысты акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер

бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және және ол жазбаша түрде ресімделуге жатады.

29. Жалғыз акционер жыл қорытындысын шығару және құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесімен және Басқармамен отырыстар өткізе алады. Жалғыз акционер сондай-ақ өз құзыреті шегінде Қоғам қызметінің мәселелерін талқылау үшін жыл ішінде Директорлар кеңесінің төрағасымен тұрақты жиналыстар өткізе алады.

Параграф 6. Дивидендтік саясат

30. Жалғыз акционерге дивидендтерді төлеудің шарттары мен тәртібі туралы ақпаратқа, сондай-ақ дивидендтерді төлеу кезінде Қоғамның қаржылық жағдайы туралы сенімді ақпаратқа қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Осы мақсаттар үшін Жалғыз акционер барлық акционерлерге қолжетімді дивидендтік саясатты бекітеді.

31. Дивидендтік саясат Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін Жалғыз акционерге бөлу жөніндегі ұсыныстарды дайындау кезінде Директорлар кеңесінің (Басқарманың) басшылыққа алатын қағидаттарын айқындайды. Дивидендтік саясат келесі қағидаттарға негізделеді:

1) Жалғыз акционердің мүдделері мен құқықтарын сақтау және қорғау, оның ішінде Қоғамның заңнамада көзделген дивидендтердің кепілдік берілген төлемін қамтамасыз ету;

2) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының артуы;

3) Қоғамның қаржылық тұрақтылығын, оның ішінде макроэкономикалық факторлардың әсерін ескере отырып, қамтамасыз ету;

4) дивидендтер мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы;

5) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді мүдделерінің балансы.

32. Дивидендтік саясат сонымен қатар таза табысты бөлу тәртібін және оның дивидендтер төлеуге бөлінген бөлігін анықтауды, дивидендтердің мөлшерін есептеу тәртібін, оларды жариялау шарттарын, дивидендтерді төлеу тәртібі мен мерзімін реттейді.

33. Дивидендтік саясат Қоғамның таза пайдасының дивидендтер төлеуге бөлінген үлесін айқындау тәртібін белгілейді.

34. Дивидендтік саясат сонымен қатар таза табысты бөлу және оның дивидендтер төлеуге бөлінген бөлігін айқындау тәртібін, дивидендтердің мөлшерін есептеу тәртібін, оларды жариялау шарттарын, дивидендтерді төлеу тәртібі мен мерзімін реттейді.

35. Дивидендтік саясат Қоғамның таза пайдасының дивидендтер төлеуге бөлінген үлесін айқындау тәртібін белгілейді.

36. Тоқсан немесе жарты жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төленген немесе өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлу кезінде, сондай-ақ жекелеген жағдайларда

дивидендтердің мөлшерін Жалғыз акционер тиісті кезеңдердегі пайданы бөлу тәртібін бекіту туралы мәселені қарау кезіндегі ерекше тәртіппен айқындайды.

37. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі (Басқарма) Жалғыз акционердің қарауына Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу және ұйымның бір жай акциясына шаққанда бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды енгізеді.

38. Дивидендтерді төлеу, егер ол экономикалық негізделген болса және мұндай төлем Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді перспективада тұрақтылығының нашарлауына немесе Қоғамның төлем қабілетсіздігіне әкеп соқтырмаса, жүзеге асырылады.

39. Қоғам Жалғыз акционерге және инвесторларға ынтымақтастықтың кез келген нысандары мен шарттары, келісімдер мен серіктестіктер туралы ақпаратты ашады.

Параграф 7. Тиімді Директорлар кеңесі

40. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге есеп беретін, ұйымды стратегиялық басқаруды және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

41. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ осы Кодекстің барлық ережелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік орган/Қоғам Жалғыз акционердің еркін Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің назарына жеткізудің тиімді тетіктерінің болуын қамтамасыз етеді.

42. Директорлар кеңесі өз функцияларын Мемлекеттік мүлік туралы Заңға, Акционерлік қоғамдар туралы Заңға, Қоғам Жарғысына, осы Кодекске, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі мына мәселелерге ерекше көңіл бөледі:

- 1) Даму жоспарын (бағыттары мен нәтижелерін) айқындау және нақтылау;
- 2) Даму жоспарында белгіленген ҚНҚ белгілеу және мониторинг жүргізу;
- 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау, негізгі тәуекелдерді анықтау;
- 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде ірі инвестициялық жобалардың және басқа да негізгі стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуын бекіту және мониторингтеу;
- 5) Қоғамның Басқарма төрағасы мен Қоғам Басқармасының мүшелерін сайлау (қайта сайлау), сыйақы төлеу, мұрагерлікті жоспарлау және қызметін қадағалау;
- 6) Қоғамның істерін және тиісті тәуекелдерді сенімді түрде көрсететін ақпаратты, оның ішінде қаржылық есептілікте ашу;

7) корпоративтік басқару және этика;

8) Қоғамда осы Кодекстің ережелерін және іскерлік этика саласындағы Қоғамның корпоративтік стандарттарын (Іскерлік этика кодексі) сақтау.

45. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін адал орындайды және өз қызметінде мынадай принциптерді ұстанады:

1) өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді – директорлар кеңесінің мүшелері Мемлекеттік мүлік туралы заңда, Акционерлік қоғамдар туралы заңдарда, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында бекітілген өз өкілеттіктері шегінде шешімдер қабылдайды және әрекет етеді;

2) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысуға және оларға дайындалуға жеткілікті уақыт бөледі - Төрттен астам заңды тұлғада директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын бір мезгілде атқаруға жол берілмейді, Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымын бір мезгілде атқаруға мемлекеттік мүлік жөніндегі орталық уәкілетті органның өкілдерін қоспағанда, екі заңды тұлғада ғана жол беріледі. Директорлар кеңесі мүшесінің басқа заңды тұлғаларда лауазымдарды атқаруына Директорлар кеңесінің келісімін алғаннан кейін жол беріледі;

3) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ықпал етеді – Директорлар кеңесінің мүшелері барлық акционерлерге әділеттілік пен тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, Қоғамның мүдделері үшін әрекет етеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдері мен әрекеттерінің ықпалын келесі сұрақтар арқылы анықтауға болады: шешімнің/әрекеттің ұзақ мерзімді перспективада салдары қандай; ұйым қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері қандай; барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас қамтамасыз етіледі ме; Қоғамның беделіне және іскерлік этиканың жоғары стандарттарына әсер ету; мүдделі тараптардың мүдделеріне әсер ету (сұрақтардың бұл тізімі толық болып саналмайды);

4) іскерлік этиканың жоғары стандарттарын сақтауға – Директорлар кеңесінің мүшелері өз әрекеттерінде, шешімдерінде және мінез-құлқында іскерлік этиканың жоғары стандарттарына сәйкес келеді және Қоғам қызметкерлеріне үлгі (өнеге) болуы;

5) мүдделер қақтығысын тудырмау – Директорлар кеңесінің мүшелері бейтарап шешім қабылдауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығыстары туындаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауына жеке мүдде әсер етуі мүмкін жағдайларға жол бермейді, Директорлар кеңесінің мүшелері бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды және мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспайды. Бұл талап Директорлар кеңесі мүшесінің өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін Директорлар кеңесі мүшесінің басқа да әрекеттеріне де қолданылады;

6) тиісті парасаттылықпен, шеберлікпен және сақтықпен әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құзыреті және

Директорлар кеңесі мен комитеттердегі өз міндеттерін орындау, оның ішінде заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, қаржы және аудит, тұрақты даму, саланы және Қоғам қызметінің ерекшеліктерін білу сияқты салаларда өз білімдерін тұрақты негізде жетілдіріп отырады. Қоғам қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның негізгі объектілерін үнемі аралап, қызметкерлермен кездесулер өткізеді.

44. Директорлар кеңесінің өзінің қызметін қамтамасыз ету, өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей) Қоғам қызметінің стратегиялық бағыттарын анықтау, мақсаттар мен нақты, өлшенетін (цифрланған) ҚНҚ белгілеу жауапкершілігі мен Қоғам Басқармасының Қоғамның операциялық (ағымдағы) қызметіне, оның ішінде (бірақ олармен шектелмей) қойылған міндеттерді орындауға және белгіленген ҚНҚ-не қол жеткізуге жауапкершілігі арасы бөлінеді және Қоғамның тиісті ішкі құжаттарында бекітіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін, соның ішінде Жалғыз акционердің алдындағы сенімгерлік міндеттерін орындайды және қабылданған шешімдерге, өз қызметінің тиімділігіне, әрекеттеріне және/немесе әрекетсіздігіне жауапты болады. Өртүрлі пікірлер туындаған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның мүдделеріне сәйкес келетін шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері айтқан барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстарды қарауды қамтамасыз етеді.

Жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционерге мыналарды ұсынады:

1) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің есептік кезеңдегі қызметінің нәтижелерін, Қоғамның ұзақ мерзімді құндылығын және тұрақты дамуын арттыру бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шараларды, негізгі тәуекел факторларын, маңызды оқиғаларды, қаралған мәселелерді, отырыстар санын, жиналыстар нысанын, қатысушылығын, сондай-ақ басқа да маңызды ақпаратты көрсететін директорлар кеңесінің есебі – Директорлар кеңесінің есебі Қоғамның жылдық есебіне енгізіледі;

2) Жалғыз акционердің үміттерінің орындалуы туралы есеп.

Директорлар кеңесі жыл сайын Жалғыз акционерге осы Кодекстің ережелерін сақтау туралы есеп береді. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмауға және Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеуге көмектесетін тетіктерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Қоғамның Жалғыз акционері даму жоспары, Қоғам Басқармасының бірінші басшысын сайлау және Қоғамның ұзақ мерзімді құндылығы мен тұрақты дамуына әсер ететін басқа да аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен қосымша кездесулер өткізе алады. Мұндай кездесулер алдын ала жоспарланып, бекітілген тәртіпке сәйкес өткізіледі.

45. Директорлар кеңесі және оның комитеттері Қоғам мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ете отырып және Жалғыз акционерге әділеттілік пен тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, дағдылардың, тәжірибенің және білімнің теңгерімділігін сақтайды.

46. Директорлар кеңесінің мүшелері кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін мен кәсіби тәжірибесін ескеретін ашық және әділ конкурсқа сәйкес сайланады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғысының өкілеттігі жалпы директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Қоғамның тәуелсіз директорларын тандау Қоғамның Жалғыз акционері айқындайтын тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.

47. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау бойынша шешім қабылдаған сәтте аяқталады.

48. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан артық емес мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы да үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

49. Қоғамның Директорлар кеңесіне қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайлаудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, Жалғыз акционердің ерекше қарауына жатады. Ерекше жағдайларда алты жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай тұлғаны Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне ықпалын егжей-тегжейлі түсіндіру арқылы жыл сайын өткізіледі.

50. Бір тұлғаны Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына тоғыз жылдан астам қатарынан сайланбау ұсынылады.

Ешкім де өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

51. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар ескеріледі:

- 1) басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) жұмыс өтілі;
- 4) білімі, мамандығы, оның ішінде халықаралық сертификаттарының болуы;
- 5) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы;
- 6) іскерлік бедел;

7) тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болу/болмауы.

52. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы қызмет ауқымын, бизнес қажеттіліктерін, ағымдағы міндеттерді, Даму жоспарын және қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, жеке белгіленеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны комитеттердің қажетті санын құруға мүмкіндік беруі керек. Директорлар кеңесінің ұсынылатын саны 3-тен 11 адамға дейін.

Қоғамның Директорлар кеңесіндегі әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

53. Директорлар кеңесінің құрамы шешімдердің Қоғамның мүддесіне сай және Директорлар кеңесі мүшелерінің теңгерімді үйлесімі (Жалғыз акционер, тәуелсіз директорлар, ал Директорлар кеңесінің құрамына енгізілген жағдайда Басқарма төрағасы) арқылы Жалғыз акционерге әділетті қатынасты ескере отырып қабылдануын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің толық құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселеге белгіленген тәртіппен Жалғыз акционер немесе Қоғамның Директорлар кеңесі арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті бастамашылық жасайды.

54. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына келесі тұлға сайланбайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі тарату немесе акцияларын мәжбүрлі сатып алу не уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан артық емес кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар сайланбайды. Көрсетілген талап мәжбүрлі жою немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған.

Осы тармақта көрсетілген ережелер Қоғамның Жарғысында белгіленген.

55. Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлар бар және қатысады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан тұрады. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Тәуелсіз директорлардың саны шешімдердің тәуелсіздігін және Жалғыз акционердің әділеттілігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы керек. Қоғамның Директорлар

кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері Қоғаммен, оның басшылығымен немесе оның мүлкімен объективті және тәуелсіз пайымдауларды жүзеге асыруға қауіп төндіретін кез келген материалдық мүдделерден немесе қатынастардан бос.

Тәуелсіз директор – Жалғыз акционердің, Басқарманың және басқа да мүдделі тұлғалардың ықпалынан ада, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен тәуелсіздігі бар тұлға.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес белгіленеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделі тұлғалармен мәмілелер жасау, Басқарма мүшелігіне кандидаттарды ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға да белсенді түрде қатысады. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып – стратегиялық жоспарлау, кадр және сыйақы, ішкі аудит, әлеуметтік мәселелер және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген басқа да мәселелер бойынша сайланады.

Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінен айырылу ықтималдығын қадағалайды және мұндай жағдайлар болса, Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне ықпал ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы дереу осы ақпаратты тиісті шешім қабылдау үшін Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

56. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, осы Кодекстің ережелерін және Қоғамның ішкі құжаттарын ескере отырып шарттармен ресімделеді.

Шарттарда тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және басқа да мәнді талаптар, сондай-ақ осы Кодекстің ережелерін сақтау бойынша директордың, оның ішінде оларға жүктелген функцияларды орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу, қызметін тоқтатқаннан кейін Директорлар кеңесі белгіленген мерзімде Қоғам туралы ішкі ақпаратты жарияламау туралы және тәуелсіз директорлардың мәртебесі мен функцияларына негізді талаптарымен бірге қосымша міндеттемелер көрсетілуі қажет.

Шарттарда Директорлар кеңесі мүшелерінің жекелеген міндеттерді орындау мерзімі белгіленуі мүмкін.

57. Қоғам қызметтің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарларының болуын қамтамасыз етеді.

58. Директорлар кеңесі директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелер үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.

59. Бірінші рет сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері тағайындалғаннан кейін лауазымға кіріспе бағдарламасынан өтеді. Лауазымға кіріспе процесінде Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің құқықтарымен және міндеттерімен, Қор мен ұйымның, оның ішінде біршама тәуекелдерге байланысты қызметтің негізгі аспектілерімен және құжаттарымен танысады.

60. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын және Директорлар кеңесі мүшелерінің, Жалғыз акционердің және Қоғам басқармасының арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның ұзақ мерзімді құнын өсіруге және орнықты дамытуға бағытталған, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде ден қоя алатын бірыңғай кәсіпқойлар командасын құрады

Директорлар кеңесі төрағасының рөлін орындау үшін үміткердің кәсіби біліктілігі мен тәжірибесімен қатар, көшбасшылық, уәждей білу, әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді түсіне алу, даулы жағдайларды шешу дағдысына ие болу сияқты арнайы дағдылары болады.

Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының және Басқарма төрағасының рөлі мен функциясы Қоғамның Жарғысында бөлініп бекітіледі. Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі төрағасының негізгі функциялары:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлауды және күн тәртібін қалыптастыруды;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдауы үшін толық әрі өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етуді;

3) Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға аударуды және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайтуды қамтамасыз етуді;

4) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау, жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелі болуын қамтамасыз етуді;

5) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қабылдаған шешімдерінің тиісті дәрежеде орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз етуді;

б) корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, оларды шешу және олардың ұйым қызметіне жағымсыз әсерін азайту жөнінде шаралар қабылдау және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкіндігі болмаған жағдайда, Жалғыз акционерді уақтылы хабарландыруды қамтиды.

Параграф 8. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру

61. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының деңгейін Қоғамды табысты басқару үшін талап етілетін Директорлар кеңесінің осындай деңгейдегі әрбір мүшесін тарту және уәждеу үшін жеткілікті көлемде Жалғыз акционермен бекітіледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға үміткерлерге берілетін сыйақы мөлшері бойынша ұсыныс енгізеді.

62. Өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспайды.

63. Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қоғам қызметінің ауқымы, Даму жоспарында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың ұқсас компанияларындағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларды шолу) назарға алынады.

64. Сыйақының шамадан тыс жоғары деңгейін белгілеуден туындайтын қоғам тарапынан ықтимал теріс реакцияларды болдырмау үшін сыйақы деңгейі теңгерімді және негізді болып табылады.

65. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу туралы ақпаратты ашу оларды корпоративтік веб-сайтта орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

66. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, әдетте, тіркелген жылдық сыйақы, сондай-ақ Директорлар кеңесіндегі төрағалық етуіне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны және оған төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді. Бұл ретте, мемлекеттік қызметші болып табылатын Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төленбейді.

67. Жалғыз акционер мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесіне (леріне) сыйақы төлеудің және шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындайды. Бұл ретте, директорларға сыйақы беру шарты олармен жасалатын шарттарда және Қоғамның ішкі құжатында көрсетіледі.

Параграф 9. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

68. Директорлар кеңесі жанынан құзыретіне аудит, стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар мен сыйақы төлеуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген басқа да мәселелерді қарау кіретін комитеттер құрылады. Комитеттер мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

69. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдау жауапкершілігінен босатпайды.

70. Комитеттер барынша маңызды мәселелер шеңбері бойынша оларды Директорлар кеңесінің отырысына шығарғанға дейін егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

71. Барлық комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитеттің құрамы, құзыреті, мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелері бар ішкі құжаттармен реттеледі. Жалғыз акционер және басқа да мүдделі тұлғалар комитеттер туралы ережелермен таныса алады. Комитеттер туралы ереже корпоративтік веб-сайтта орналастырылған.

72. Корпоративтік хатшы комитет жұмысын ұйымдастырады немесе Корпоративтік хатшы болмаған кезде Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғам қызметкерлерінің арасынан тағайындалады. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырысқа материалдарды жинау мен жүйелеуді, комитет мүшелері мен шақырылатын адамдарға комитет отырысын өткізу туралы хабарламаны, отырыстың күн тәртібін, күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырысты хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды одан әрі сақтауды қамтамасыз етеді.

73. Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, комитеттердің құрамын, мерзімдері мен өкілеттіктерін айқындайды.

Комитеттер комитет жұмысы үшін кәсіби білімі, құзыреті және дағдысы бар Директорлар кеңесінің мүшелері қатарынан құрылады. Комитеттердің құрамдарын қалыптастыру кезінде әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы назарға алынады. Комитеттер төрағаларының кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастыру және көшбасшылық қасиетті, комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдысы болады.

Комитет отырыстарында шешімдерді комитет мүшелері қабылдайды.

Комитеттер, қажет болған жағдайда, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тартады.

74. Комитеттер өздерінің жұмыс жоспарын бекітеді (күнтізбелік жыл басталғанға дейін), ол қаралатын мәселелер тізбесі мен отырыстардың өткізілу күні көрсетіле отырып, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісіледі. Комитеттердің отырыстары хаттаманы ресімдей отырып, күндізгі немесе

сырттай нысанда өткізіледі. Комитеттер отырыстарының хаттамалары Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі. Қолайлы жағдайлар жасау және комитеттердің отырыстарын өткізу шығындарын қысқарту мақсатында техникалық байланыс құралдары арқылы комитеттер мүшелерінің қатысуына жол беріледі.

75. Комитеттердің төрағалары өзінің қызметі туралы есеп дайындайды және жеке отырыста бір жылғы қызмет қорытындылары туралы Директорлар кеңесінің алдында есеп береді. Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы қызметі туралы есеп беруді Директорлар кеңесі белгілейтін мерзімде талап етуге құқылы.

Параграф 10. Стратегия және қаржы комитеті

76. Объективті және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және ықтимал мүдделер қақтығысы бар кез келген мүдделі тараптардың (Жалғыз акционердің, Басқарма төрағасының, қызметкерлердің және өзге де адамдардың) Стратегия және қаржы комитеті мүшелерінің пайымдауларына ықпалын болдырмау мақсатында Стратегия және қаржы комитеті құрамындағы мүшелердің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады. Комитеттің төрағасы болып тәуелсіз директорды сайлау ұсынылады.

77. Стратегия және қаржы комитетінің функциялары Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің басым бағыттарын және даму стратегиясын әзірлеу, оның ішінде даму жоспарын әзірлеу және өзектендіру, оның орындалуын мониторингілеу, Даму жоспарында белгіленетін ҚНҚ қою және мониторингілеу, негізгі тәуекелдерді сәйкестендіру, сондай-ақ Даму жоспарына ықпал ететін басқа да іс-шаралар мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну, Қоғам қызметінің тиімділігін, оның ұзақ мерзімді құнын және тұрақты дамуын арттыру болып табылады.

Параграф 11. Ішкі аудит комитеті

78. Объективті және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделі тараптардың (Жалғыз акционердің, Басқарма төрағасының, қызметкерлердің және өзге де адамдардың) мүдделер қақтығысы болуы мүмкін комитет мүшелерінің пайымдауларына ықпал етуіне жол бермеу мақсатында Ішкі аудит комитетінің құрамына бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында білімі мен практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар ғана кіреді. Ішкі аудит комитетінің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

Ішкі аудит комитетінің функциялары ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелерін және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелерді қамтиды.

79. Ішкі аудит комитеті Директорлар кеңесіне ұсынар алдында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдайды.

Параграф 12. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

80. Объективті және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделер қақтығысы ықтимал кез келген мүдделі тараптардың (Жалғыз акционер, Басқарма төрағасы, қызметкерлер және басқа да тұлғалар) Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің шешімдеріне ықпал етуіне жол бермеу мақсатында Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады.

81. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің кемінде біреуінің персоналды басқару және тиімділікті бағалау саласында, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында білімі мен тәжірибелік дағдысы болуы тиіс. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

82. Комитеттің функциялары тағайындау (сайлау), өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма мүшелерінің (Басқарма төрағасын қоспағанда), корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің комплаенс қызметкерінің, тағайындалуы Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылған Қоғамның басқа да қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын айқындау мәселелері бойынша ұсыныстар дайындауды қамтиды (бұл ретте ішкі аудит қызметінің қызметін алдын ала бағалауға байланысты мәселелер ішкі аудит комитетінің құзыретіне жатады).

Параграф 13. Директорлар кеңесі қызметін ұйымдастыру

83. Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің нәтижелі болуына ықпал етеді. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қолжетімділікке ие болады.

84. Директорлар кеңесі Қоғамның құжаттарында белгіленген Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу бойынша рәсімдерді сақтайды.

85. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жылдың басына дейін қаралатын мәселелер тізбесін және отырыстарды өткізу кестесін қамтитын, Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу бетпе-бет немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстардың санын азайту ұсынылады.

86. Стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады.

87. Егер Директорлар кеңесінің мүшелері (Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 30% артық емес) Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің екі нысанды отырысын үйлестіруге болады.

Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселені талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша нысанда бере алады.

88. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің кезеңділігі жылына кемінде алты отырысты құрайды.

89. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар кемінде он күнтізбелік күн бұрын жіберіледі, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Басқарма төрағасының шешімі бойынша бұл мерзім жеті күнтізбелік күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

90. Маңызды мәселелер тізбесі даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын, Басқарма басшылары мен мүшелеріне арналған ҚНҚ, жылдық есепті және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуды қамтиды.

91. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар белгіленген мерзімдер бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Егер күн тәртібіне белгіленген мерзімнен тыс мәселелер енгізілсе, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің жан-жақты негіздемесі ұсынылады. Күн тәртібіне мәселелерді мерзімдерін бұза отырып енгізуге байланысты мән-жай олардың уақтылы дайындалуы мен жеткізілуіне жауапты тұлғаның қызметін бағалау кезінде ескеріледі.

92. Директорлар кеңесі толық, анық және сапалы ақпарат негізінде шешім қабылдайды. Директорлар кеңесі тиімді әрі уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай шарттардың сақталуы қамтамасыз етіледі:

1) Директорлар кеңесіне берілетін материалдардың, ақпараттың, құжаттардың жоғары сапасы (оның ішінде қажеттілік болған кезде Директорлар кеңесі мүшелерінің тілді меңгеруіне байланысты басқа тілдерге аудару);

2) қажеттілік болған кезде сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірлерін алу. Сарапшыларды тарту қабылданған шешім үшін Директорлар кеңесін жауапкершіліктен босатпайды;

3) Директорлар кеңесінде мәселелер, әсіресе маңызды әрі күрделі мәселелер үшін талқылауларға бөлінетін уақыт;

4) мәселелерді уақтылы қарау;

5) шешімдерде одан арғы іс-қимылдар жоспары, мерзімі және жауапты адамдар қаралады.

93. Мынадай факторлар Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасына теріс әсер етеді:

1) отырыста бір немесе бірнеше директордың үстем болуы, бұл басқа директорлардың талқылауларға толыққанды қатысуын шектеуі мүмкін;

2) тәуекелдерге формальды қатынас;

3) жеке мүддені көздеу және төмен этикалық стандарттар;

4) нақты және белсенді талқылауларсыз Директорлар кеңесінің отырысында шешімдерді формальды қабылдау;

5) ымырасыздық позициясы (икемділіктің болмауы) немесе дамуға тырысудың болмауы (ағымдағы жағдайға қанағаттану);

6) әлсіз ұйымдастырушылық мәдениет;

7) ақпараттың және/немесе талдаудың жеткіліксіздігі.

Директорлар кеңесінің мүшелері күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат сұратуы мүмкін.

94. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі құрамына өзі кіретін Директорлар кеңесінің және комитеттің отырыстарына қатысады. Директорлар кеңесі туралы ережеде айтылатын ерекше жағдайларда осы нормадан қалыс қалуға болады.

95. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Жарғысында белгіленеді, бірақ ол директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем емес және техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып (бейнеконференция, телефон конференцбайланысы сеансы режимінде) қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып немесе олардың жазбаша түрде берілген дауыстарымен анықталады.

96. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында өзге де жағдайлар көзделмесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

97. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысында мәселелерді шешкен кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге болмайды.

98. Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдер қабылдаған кезде Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешуші дауыс беру құқығы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына тиесілі.

99. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүддесі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын корпоративтік хатшы белгіленген тәртіпте және Қоғамның ішкі құжаттарында талқылану нәтижелері мен қабылданған шешімдерді толық көрсете отырып, хаттамаға жазады.

100. Директорлар кеңесі бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізе алады. Талдауға шешім мен оны қабылдау процесі жатады. Директорлар кеңесі өз қызметіне бағалау жүргізу кезінде бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізіледі.

Параграф 14. Директорлар кеңесінің қызметін және тиімділігін бағалау

101. Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін құрылымдық процесс арқылы бағаланады. Бағалау әдістері өзін-өзі бағалауды немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз сыртқы кеңесшіні пайдалануды қамтиды. Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу қажеттілігі туралы шешімді Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің ұсынысы негізінде Директорлар кеңесі қабылдайды. Бұл ретте, кемінде үш жылда бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды жүргізу Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін анықтауға, Басқармамен байланыс орнатуға, оның жұмысына комитеттер мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуын арттыруға, Директорлар кеңесінің, комитеттердің және корпоративтік хатшының жұмысын жақсартудың басым бағыттарын анықтауға бағытталған.

102. Бағалау Директорлар кеңесінің, комитеттердің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құндылығының өсуіне және тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сонымен қатар салаларды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Қоғамның ұзақ мерзімді құндылығының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз ету, мұрагерлікті жоспарлау және қайта сайлауды қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларына, тәжірибесіне және біліміне қажеттілікті анықтау үшін пайдаланылады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызметінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционермен олардың тиісті шешім қабылдауы үшін кеңестер жүргізеді. Бағалау нәтижелері Басқарманың

оңтайлы сандық құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін анықтау кезінде ескеріледі.

103. Бағалау Директорлар кеңесі мен оның жекелеген мүшелерінің кәсіби деңгейін арттырудың негізгі құралы болып табылады және Директорлар кеңесінің жаңа және бұрыннан бар мүшелері үшін тиімді және сәйкес жұмысқа кірісу және оқыту бағдарламаларын әзірлеуге көмектеседі. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционер үшін де, ал егер Директорлар кеңесінің құрамына кірсе, Басқарма төрағасы үшін де жүргізіледі.

Бағалау жүргізу жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты қағидаттар бойынша жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімі және тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарында регламенттеледі.

Директорлар кеңесінің төрағасы бағалау үдерісіне және оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдауға жауапты.

108. Бағалау мынадай мәселелерді қарауды қамтиды:

1) Қоғам алдында тұрған міндеттер тұрғысынан Директорлар кеңесі құрамының оңтайлылығы (дағды, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, тәуелсіздік және объективтілік);

2) Қоғамның көзқарасының, стратегиялық мәселелерінің (Даму жоспарының), негізгі міндеттерінің, проблемаларының және құндылықтарының анықтығы;

3) Директорлар кеңесінің мұрагерлігін және дамуын жоспарлау;

4) бірыңғай орган ретінде Директорлар кеңесінің жұмыс істеуі, Қоғамның қызметіндегі Директорлар кеңесінің және Басқарма басшысының рөлдері;

5) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің, Басқарманың және Қоғамның лауазымды тұлғаларының өзара іс-қимылының тиімділігі;

6) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі қызметінің тиімділігі;

7) Директорлар кеңесі комитеттері қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен және Басқарма мүшелерімен өзара іс-қимылы;

8) Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттардың сапасы;

9) Директорлар кеңесі мен комитеттердегі талқылаулардың сапасы;

10) корпоративтік хатшының жұмысының тиімділігі;

11) процестер мен құзыреттердің анықтығы;

12) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі;

13) Жалғыз акционермен және басқа да мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл.

105. Директорлар кеңесі жылдық есепте Директорлар кеңесінің қызметін бағалау әдістемесін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

106. Жалғыз акционер Директорлар кеңесіне өз бағасын дербес немесе өз қаражаты есебінен тәуелсіз сыртқы кеңесшіні тарта отырып жүргізе алады.

Жалғыз акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері және ҚНҚ көрсеткіштерінің орындалуы ескеріледі.

Параграф 15. Қоғамның Корпоративтік хатшысы

107. Директорлар кеңесінің қызметін және Директорлар кеңесінің, Басқарманың Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыру мақсатында корпоративтік хатшы тағайындалады.

108. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін, функциялары мен рәсімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын айқындайды, корпоративтік хатшының қызметін (хатшылығын) құру және осы қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне есеп береді және Басқармаға тәуелсіз.

109. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауына жәрдемдесу;

корпоративтік басқарудың және Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын және осы Кодекстің ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің кеңесшісі қызметін атқарады.

Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақтылы орындалуын бақылау;

Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің корпоративтік шешімдерінің, материалдарының және қызметінің нәтижелерінің мұрағатын жүргізу;

Басқарманың және басқа да негізгі қызметкерлердің Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауын бақылау, мұндай орындалу/орындалмау туралы Директорлар кеңесін хабардар ету;

осы Кодекстің ережелеріне және осы Кодекстің орындалуын бақылауға қатысты түсіндірмелер беру;

Қоғамды корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу.

Корпоративтік хатшы сонымен қатар Қоғамның жылдық есебіне енгізілген осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп дайындайды. Бұл есепте осы Кодекстің сақталмаған қағидалары мен ережелерінің тізбесі тиісті түсіндірмелермен көрсетіледі.

Корпоративтік хатшыға басқа да міндеттерді жүктеу корпоративтік хатшының ағымдағы жүктемесін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа міндеттер жүктелуі осы Кодексте және Қоғамның ішкі құжаттарында сипатталған орындалатын функциялардың сапасына теріс әсер етпеуі тиіс. Жаңа функциялар басқа құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды

тұлғалардың функцияларын қайталамауы керек. Қайталану орын алған жағдайда қайталануды азайту үшін функцияларды қарап шығу керек.

110. Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету бөлігінде корпоративтік хатшының негізгі функцияларына, атап айтқанда:

1) Директорлар кеңесінің төрағасына жұмыс жоспарын және отырыстардың күн тәртібін қалыптастыруға көмек көрсету;

2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын ұйымдастыру;

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі және Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін жеткілікті өзекті және уақтылы ақпарат алуын қамтамасыз ету;

4) Директорлар кеңесі мен комитеттер отырыстарының хаттамаларын жазу, Директорлар кеңесі мен комитеттер отырыстарының хаттамаларының, стенограммаларының, аудио-бейне жазбаларының, материалдарының сақталуын қамтамасыз ету;

5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам Жарғысы, осы Кодекс, ішкі құжаттар мәселелері бойынша кеңес беру, болып жатқан өзгерістерді бақылау және Директорлар кеңесінің мүшелерін уақтылы хабардар ету;

6) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін ұлықтау рәсімін ұйымдастыру;

7) Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытуды ұйымдастыру және сарапшыларды тарту;

8) Директорлар кеңесі мүшелері мен Жалғыз акционердің, Басқарманың өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бөлігінде:

1) Жалғыз акционердің шешім қабылдауын ұйымдастыру;

2) Тиісті шешімдер қабылдау үшін Жалғыз акционердің қарауына енгізген мәселелер бойынша материалдарды уақтылы ұсыну;

3) Жалғыз акционердің шешімдерін сақтауды қамтамасыз ету;

4) ұйымның Жалғыз акционермен тиісті өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, оның ішінде Жалғыз акционердің сұрау салулары бойынша ақпараттың уақтылы берілуін бақылау.

Тиісті корпоративтік басқару тәжірибесін енгізуге қатысты:

1) осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің орындалуын және сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

2) осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті жасау;

3) өз функцияларын орындау шеңберінде заңнамада, Қоғамның Жарғысында және басқа да құжаттарында белгіленген корпоративтік басқару стандарттары бөлігінде бұзушылықтарды анықтау;

4) Жалғыз акционерге, Қоғамның лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне корпоративтік басқару мәселелері бойынша кеңес беру;

5) корпоративтік басқару саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге мониторинг жүргізу және Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

111. Қоғам органдары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат беруді қамтамасыз ету үшін корпоративтік хатшының жемісті қарым-қатынастар құру қабілеті және жанжалды жағдайларды шешу дағдылары болуы керек. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда корпоративтік хатшы бұл ақпаратты Директорлар кеңесі төрағасының назарына жеткізеді.

112. Корпоративтік хатшының өз міндеттерін орындау үшін білімі, тәжірибесі мен біліктілігі, жақсы іскерлік беделі болады. Қоғамның көлеміне және оның қызметінің ауқымына қарай корпоративтік хатшы қызметі құрылуы мүмкін.

113. Корпоративтік хатшы лауазымына жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі бар, кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, корпоративтік басқару және корпоративтік құқық саласында практикалық білімі бар тұлға тағайындалады.

114. Отырыстарды дайындау мен өткізудің тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын материалдардың толықтығы мен пайдалылығын мерзімді түрде талқылайды. Осы талқылаулардың нәтижелері корпоративтік хатшының тиімділігін бағалау элементтерінің бірі болып табылады.

115. Корпоративтік хатшыға қатысты Қоғамда қызметке кірісу және мұрагерлікті жоспарлау бағдарламасы әзірленуде. Корпоративтік хатшыны тағайындау Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілген ашық және транспарентті рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.

116. Корпоративтік хатшы өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін, оның функцияларын, құқықтары мен міндеттерін, Қоғам органдарымен өзара іс-қимыл тәртібін, біліктілік талаптарын және басқа да ақпаратты айқындайтын ереженің негізінде жүзеге асырады.

Басқарма Корпоративтік хатшыға өз міндеттерін орындауда жан-жақты көмек көрсетеді.

Параграф 16. Қоғамның омбудсмені

117. Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және Қоғамда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалуы мүмкін.

Іскерлік әдеп кодексінің қағидаттарын сақтау мақсатында Директорлар кеңесінің шешімімен Омбудсменнің функциялары Корпоративтік хатшыға жүктелуі мүмкін.

Омбудсмен лауазымына үміткер мінсіз іскерлік беделге, жоғары беделге ие болуы және бейтарап шешім қабылдау қабілетіне ие болуы керек.

118. Омбудсмен Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және екі жылда бір рет қайта сайлануға жатады. Омбудсменнің рөлі өзіне жүгінген қызметкерлерге, еңбек дауларына, жанжалға қатысушыларға консультация беру және оларға Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды (оның ішінде құпиялылықты сақтауды) ескере отырып, өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдемдесу, қызметкерлердің де, Қоғамның да әлеуметтік-еңбек мәселелерін, проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу болып табылады.

119. Омбудсмен Қоғамның тиісті органдары мен лауазымды адамдарының қарауына өзі анықтаған, жүйелі сипаттағы және тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді шығарады, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар ұсынады.

120. Омбудсмен тоқсанына кемінде бір рет Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетке және оның қызметінің нәтижелерін бағалайтын Қоғамның Директорлар кеңесіне жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы есеп береді.

121. Қоғамның Директорлар кеңесі жылдық жұмыс жоспарын және ҚНҚ бекітеді, тоқсанына кемінде бір рет омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалайды, еңбекақы және сыйлықақы төлеу мәселелерін қарайды және омбудсмен лауазымын атқаратын адамның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды. Еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарының мәселелері Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін ішкі нормативтік құжатпен айқындалады. Омбудсменнің жұмыс орны, еңбек жағдайлары Қоғам Басқармасының шешімімен айқындалады.

Қоғам жоғары этикалық стандарттарды ұстануға және Қоғамның барлық қызметкерлері мен серіктестерінің осы стандарттарды тұрақты қолдануын қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді енгізуге міндетті.

Параграф 17. Қоғам Директорлар кеңесінің жанындағы Ішкі аудит қызметі

122. Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін қадағалауды жүзеге асыруға жәрдемдесу мақсатында Директорлар кеңесі тәуелсіз ішкі аудиттің болуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Директорлар кеңесі мен Басқармаға Қоғамның қызметін жетілдіруге және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру үшін тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалауға және арттыруға жүйелі және дәйекті көзқарас негізінде жеке құрылымдық бөлімше ретінде құрылады.

123. Қоғамның Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, оның қызметкерлерінің өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысын тағайындайды, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын

тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің бюджетін айқындайды.

124. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

125. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және Қоғам Басқармасынан тәуелсіз болып табылады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалады.

ІАҚ Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныстылығы және функционалдық есептілігі:

1) Директорлар кеңесінің ІАҚ қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен тәртібін регламенттейтін ішкі аудит саласының ережесін бекітуі (Ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін),

2) Директорлар кеңесінің тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі (Ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін);

3) Директорлар кеңесіне жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есепті және ішкі аудиттің қызметі туралы өзге де ақпаратты беру (ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін);

4) Директорлар кеңесінің ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, қызметтен босату, сыйақы беру туралы шешімдерді бекітуі (Ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін);

5) Директорлар кеңесінің ІАҚ бюджетін бекітуі (Ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін);

6) Директорлар кеңесінің ІАҚ өкілеттіктерінің елеулі шектеулерін немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерді қарауы.

126. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасын бағалауды және осы жүйенің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуді қамтиды. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеті Қоғам қызметінің нәтижелерін жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.

127. Ішкі аудит қызметі туралы ережеде оның мақсаттары, міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады және бекітіледі:

1) халықаралық ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors) қабылдаған ішкі аудиторлардың қағидаттарына, Әдеп кодексіне және ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына бейілділігі;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің мәртебесі, мақсаттары, міндеттері және жауапкершілігі;

3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу және ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін, объективтілігі мен кәсібилігін қамтамасыз ету шарттары;

4) Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;

5) Ішкі аудит қызметінің көлемі мен мазмұны;

6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қол жеткізу құқығы;

7) Ішкі аудит қызметінің Директорлар кеңесімен және Қоғам Басқармасымен өзара іс-қимыл жасау және Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетіне және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беру тәртібі.

128. Ішкі аудит қызметі туралы ережеде келесі міндеттер мен функциялар көзделеді:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, корпоративтік басқару бойынша рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеу және олардың орындалуына мониторинг жүргізуде Қоғам Басқармасы мен қызметкерлеріне жәрдемдесу;

2) Қоғамның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;

3) Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетіне ішкі аудит бөлімшесі қызметінің нәтижелері және жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есептерді (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындаудың нәтижелері мен тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің нақты жай-күйін бағалау нәтижелері, сенімділігі мен тиімділігі туралы ақпаратты қамтитын) дайындау және ұсыну;

5) Қоғам Басқармасы мүшелерінің және оның қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, әдеп талаптарын сақтауға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін және ішкі құжаттарды сақтауын тексеру;

6) сыртқы аудитор ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

7) Директорлар кеңесіне, Басқармаға, құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдарға ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды және ішкі аудитті ұйымдастыруды (осы салалардағы ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда) ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері бойынша, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша консультациялар беру.

ІАҚ өз қызметін Директорлар Кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері және негізгі анықтаулар, ІАҚ ұсынымдарының орындалу мониторингі тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде ІАҚ ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін жыл сайын бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауды жүргізеді.

Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін уақтылы қарауды және ІАҚ ұсынымдарының уақтылы орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне ішкі және сыртқы бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасын әзірлейді және қолдайды.

129. Ішкі аудит қызметі, оның басшысы мен қызметкерлерінің жұмысының тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің есептерін қарау, жылдық аудиторлық жоспарды орындау және есептілікті ұсыну мерзімдерін сақтау, есептердің ішкі аудит қызметінің стандарттары мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады.

Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасы ІАҚ қызметінің халықаралық ішкі аудит стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында әзірленеді және іске асырылады. Осы бағдарлама шеңберінде мерзімді ішкі және сыртқы бағалауды (стандарттарға, ішкі аудиторлардың Әдеп кодексіне сәйкестігіне), сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауды және қызметті жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтауды жүргізу көзделеді.

Параграф 18. Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі

130. Комплаенс-офицер Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын Қоғамның қызметкері болып табылады.

131. Комплаенс-офицер Қоғамның барлық қызметкерлерінің заңнама нормаларын, ішкі ережелерді, моральдық-этикалық нормаларды, оның ішінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, Қоғамның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша барлық қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының үздік халықаралық стандарттарына, ішкі саясаттарына және заңнамасына сәйкес бизнесті жүргізу үшін жағдай жасайтын міндетті реттеу талаптары мен халықаралық практиканы сақтауын қамтамасыз ету мақсатында мүдделердің ықтимал қақтығысын ескере отырып тағайындалады.

132. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функциясын Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

133. Оларды тиісінше орындау және объективті және тәуелсіз пікірді қамтамасыз ету мақсатында Комплаенс-офицер өзіне жүктелген міндеттер мен

функцияларды орындау кезінде Басқарманың, Қоғамның лауазымды адамдарының, қандай да бір адамдардың ықпалына тәуелсіз болуға және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болуға тиіс.

134. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде Қоғам мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.

135. Өз функцияларын орындау барысында тәуелсіздік пен объективтілік қағидаттарын сақтау мақсатында комплаенс-офицер:

1) кейіннен комплаенс функциясын тергеу нысанасы болуы мүмкін қандай да бір қызмет түрлеріне тартылмауы;

2) осы Ережеге сәйкес Қоғамда оның қызметіне байланысты емес функционалдық міндеттерді орындамауы;

3) бағалаудың бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін қандай да бір қызметке қатыспауы;

4) комплаенс мәселелері бойынша тергеп-тексеру жүргізу үшін құрылатын жұмыс топтарын/комиссияларды қоспағанда, Қоғам құратын комитеттердің немесе өзге де жұмыс топтарының/комиссиялардың құрамына олардың дауыс беру құқығы бар мүшелері ретінде енгізілмеуі;

5) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келетін не Қоғамға залал келтіруге қабілетті кез келген басқа тәсілмен пайдаланбауы;

6) нәтижесінде оның тәуелсіздігіне, объективтілігі мен бейтараптығына нұқсан келтірілуі мүмкін сыйлықтар қабылдамауы және қызметтерді пайдаланбауы тиіс.

136. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлері:

1) олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатыспауы;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатыспауы;

3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдаланбауы;

4) Іскерлік әдеп нормаларын бұзбауы;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдамауы және көрсетілетін қызметтерді пайдаланбауы;

6) мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатыспауы тиіс.

137. Комплаенс-офицердің негізгі міндеттері:

1) комплаенс мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптары мен халықаралық практиканы сақтауды, оның ішінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылды, ішкі қағидаларды, моральдық-әдептілік нормаларын сақтауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;

2) сәйкестендіру және комплаенс-тәуекелдерді мерзімді бағалау жүргізу;

3) Қоғамның комплаенс-бағдарламасын жыл сайынғы негізде әзірлеу және оның орындалуын бақылау;

4) комплаенс саласындағы стандарттар мен саясаттарды (ішкі нормативтік құжаттар) әзірлеу және өзектендіру;

5) контрагенттерді кешенді тексеру;

6) бастамашылық ақпараттандыру желісін енгізу;

7) коммуникация және комплаенс саясатын енгізу;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

10) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

12) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның ішкі құжаттарының, мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелердің талаптарын сақтамау салдарынан болатын тәуекелдер мен олармен байланысты залалдардың комплаенсінің алдын алу және азайту;

13) комплаенс тәуекелдерді басқаруда Қоғам Басқармасына жәрдем көрсету;

14) комплаенс бағыттарын бақылау және бақылау;

15) комплаенс саясатын бұзған жағдайда тергеп-тексеру жүргізу;

16) уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

17) Қоғамның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

18) Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету.

138. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қоғамда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Параграф 19. Басқарма

139. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма басшысы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке сипаттамаларға, адал іскерлік беделге ие және этикалық стандарттарды ұстанады.

Басқарма басшысының ұйымдастырушылық қабілеті бар, сондай-ақ акционерлермен белсенді өзара іс-қимылда жұмыс істеу және олармен, Директорлар кеңесімен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тараптармен сындарлы диалог құру қабілеттеріне ие.

140. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады, Даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жауапты болады.

141. Директорлар кеңесі Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды. Басқарма құрамына үміткерлерді іздеу және іріктеу, олардың сыйақысын анықтау процесінде Қоғам Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті негізгі рөл атқарады.

Қоғам Басқармасындағы әйелдердің ұсынылатын саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды. Бұл ретте Басқарма құрамын қалыптастырудың негізгі критерийі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Басқарма мүшелерінің білімі мен құзыреті болып табылады.

142. Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің қарауына Басқарма құрамына сайлауға кандидаттар бойынша ұсыныстарды Жалғыз акционер енгізеді.

143. Директорлар кеңесі Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады.

144. Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелері үш жыл мерзімге сайланады. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі Басқарма өкілеттігінің мерзіміне сәйкес келеді.

145. Басқарма төрағасын тағайындау және сыйақы беру процестерінің ашықтығын арттыру үшін жалғыз акционер Басқарма төрағасының еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары туралы ережені бекітеді және қатаң сақтайды. Қоғамның Басқарма мүшелерін тағайындау және сыйақы беру

процестерінің ашықтығын арттыру үшін Директорлар кеңесі Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары туралы ережені бекітеді және қатаң сақтайды.

146. Басқарма Директорлар кеңесінің басшылығымен Қоғамның Даму жоспарын әзірлейді.

Басқарма:

1) Қызметті Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының нормаларына, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асыруды;

2) тәуекелдерді тиісті басқаруды және ішкі бақылауды;

3) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру үшін ресурстар бөлуді;

4) Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін;

5) Қоғам қызметкерлерінің мүдделілігі мен ниеттестік атмосферасын құруды, корпоративтік мәдениетті дамытуды қамтамасыз етеді.

147. Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асырады. Бақылау Басқарманың Директорлар кеңесіне орта мерзімді Даму жоспарларын орындау және тоқсанына кемінде бір рет қол жеткізілген нәтижелер мәселелері бойынша тұрақты есеп беруі және Басқарманы тыңдауы арқылы іске асырылуы мүмкін.

148. Басқарма бетпе-бет отырыстар өткізеді және Даму жоспарын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін және операциялық қызметті іске асыру мәселелерін талқылайды. Басқарма отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Сырттай отырыстар өткізу жағдайлары шектеулі және Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарында айқындалған.

149. Басқарма күнтізбелік жылдың басына дейінгі мәселелер тізбесімен алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады. Басқарма мүшелері тиісті сападағы материалдармен алдын ала қамтамасыз етіледі. Даму жоспарлары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыстар өткізуге жол беріледі.

Әрбір мәселені қарау кезінде жеке талқылау шешім қабылдауға/қабылдамауға және олардың Қоғамның құны мен тұрақты дамуына әсеріне байланысты тәуекелдерге арналады.

Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарайды және мақұлдайды.

150. Басқарма төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысына байланысты жағдайдың туындауына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, олар бұл туралы Директорлар кеңесін немесе Басқарма төрағасын алдын ала хабардар етеді, оны жазбаша тіркейді және мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

Басқарма мүшелері тарапынан іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзу жағдайларын Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді.

151. Басқарма төрағасы мен мүшелері басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің мақұлдауымен ғана қызмет атқара алады. Басқарма төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы лауазымын атқармайды.

152. Басқарма Қоғамның оңтайлы ұйымдық құрылымын құруды қамтамасыз етеді.

Ұйымдастыру құрылымы мыналарға бағытталған:

- 1) Шешім қабылдау тиімділігі;
- 2) Қоғамның өнімділігін арттыру;
- 3) шешімдер қабылдаудың жеделдігі;
- 4) ұйымдастырушылық икемділігі.

Қоғамның бос орындарына кандидаттарды іріктеу ашық және ашық конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады. Қоғам қызметкерлерін мансаптық ілгерілету, материалдық ынталандыру білім деңгейін, құзыреттерін, жұмыс тәжірибесін және қойылған міндеттерге қол жеткізуді ескере отырып, меритократия қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамда кадр резерві қызметкерлерінің пулы қалыптасады, одан кейін орта және жоғары менеджменттің басшы лауазымдарына тағайындаулар жүргізілуі мүмкін. Қызметкерлер бағалауды Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен өтеді.

Кадрларды іріктеу рәсімдері мынадай талаптар бойынша іске асырылады:

бәсекелестікті арттыруға және кәсібилік пен құзыреттілік талаптарына жауап беретін лайықты үміткерлерді іріктеуге ықпал ететін мүмкіндіктер теңдігі қағидатын қамтамасыз ете отырып, адамдардың кең ауқымы үшін лауазымдарға орналасу үшін ашықтық пен шектеулердің болмауы;

кадрларды бейтарап іріктеу және протекционизмнің, патронаждық қабылдау жүйесінің толық болмауы (берілгендік, этностық тиістілік, туыстық байланыстар және жеке Достық қағидаты бойынша);

құқықтық регламенттеу, оның ішінде шешім шығару кезінде субъективтілік үшін жағдайларды қоспағанда, кандидаттарды бағалау қағидаттары мен критерийлерін бекіту мәселелерінде.

153. Қоғамда Басқарма сабақтастығын жоспарлау қамтамасыз етіледі. Басқарма мүшелерін қайта сайлау тетігі мен мерзімдері ҚНҚ орындалмаған жағдайда, лауазымнан мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін көздей отырып, оларды ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыруы тиіс.

Параграф 20. Қоғамның Басқарма мүшелерін бағалау және сыйақы беру

154. Басқарма мүшелерін, соның ішінде Басқарма төрағасын Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі қойылған корпоративтік ҚНҚ-ға қол жеткізу болып табылады.

Басқарма мүшелерінің, оның ішінде Басқарма төрағасының корпоративтік ҚНҚ-сын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді. Басқарма

мүшелерінің корпоративтік ҚНК бөлігінде ұсыныстарды Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

155. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

Параграф 21. Тұрақты даму қағидаты

156. Қоғам өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсінеді, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

Қоғамның орнықты дамуы саласындағы қызмет ашықтық, есептілік, ашықтық, әдептілік мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік тұрақты даму қағидаттарының бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның Жалғыз акционерге, инвесторларға, басқа мүдделі тараптарға және тұтастай қоғамға жасайтын құнын бұзады; Қоғам сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік жариялайды. Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды адамдар мен қызметкерлер заңдарда көзделген тәртіппен жұмыстан шығарылуға және жауапқа тартылуға жатады; Қоғамдағы ішкі бақылау жүйелері оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге, олардың алдын алуға және анықтауға бағытталған шараларды қамтуға тиіс; Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте олардың хабардарлығын арттыру үшін мүдделі тараптармен диалогты дамытуы керек.

157. Тұрақты даму саласындағы қызмет үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптардың ықпалын тигізеді немесе сезінеді.

Мүдделі тараптар Қоғам қызметіне, атап айтқанда Қоғам құнының өсуіне, орнықты дамуға, беделі мен имиджіне оң да, теріс те әсер етуі, тәуекелдерді құруы немесе төмендетуі мүмкін. Қоғам мүдделі тараптармен тиісті өзара іс-қимылға аса мән береді.

